

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 - летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т.1, Б.2 - Б.168-172

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕСЕПТІК - АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кулекешова А.Б.

Нарықтық шарттар шаруашылық субъектілерін, оның ішінде ауыл шаруашылық ұйымдарын басқаруда қажетті уақытылы, толық, сенімді және дұрыс мәліметтермен қамтамасыз етуді қазіргі кезде басты міндеттердің бірі ретінде қойып отыр. Сонымен қатар кез – келген ұйымның тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігі ұсыну жылдамдығы мен толықтылығы деңгейіне байланысты және экономикалық талдау жасалып, әртүрлі басқару шешімдерін қалыптастыру, орындалатын ақпараттық мәліметтерге тікелей қатысты.

Қазіргі цифрландырылу жағдайында агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) барлық кәсіпорындарындағы экономикалық жұмыстар жүйесінің қайта ұйымдастырылуы мен тұрақты жетілдірілуін талап етеді. АӨК цифрландыру - ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы түрткі болған 2017 жылдың 12 желтоқсанында № 827 ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасымен жүзеге асырылуда. Өткен 2018 жыл бойынша аталған бағдарлама нәтижесі Ақмола, СҚО, Қостанай және Павлодар облыстарында жетік меңгерілуде. Сонымен қатар цифрландыру бойынша аналитикалық шолуды «TerraPoint» ЖШС сайтынан көруге болады. Бағдарламаға сәйкес цифрландырудың баста мақсаты болып цифрлы технологияларды қолдана отырып, Республика экономикасының дамуы қарқынын артыру мен халықтың әл-ауқатын жақсарту табылады. Сонымен қатар 2019 жылғы жолдауында көрсетілгендей, елбасы «Жаңа технологиялар» есебінен экономиканың аграрлық секторында еңбек өнімділігін жоғарлату керек деген маңызды міндет қойған [1]. Сондықтан осы міндетті жүзеге асыру үшін ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қызметін дамытып, оның есептік-аналитикалық жүйесін жетілдіру де алғы шарттарға ие болып тұр.

Жетілдірілген есептік-аналитикалық жүйе кез келген меншік түріндегі шаруашылық субъектілері басшыларын уақытында, заман талабына сәйкес, толық, сенімді және ашық ақпараттармен қамтамасыз ететін жүйе болып

табылады. Қазіргі кезде сенімді және толық мәліметтермен уақытында қамтамасыз етілу үшін тиімді есептік-аналитикалық жүйенің болғаны дұрыс.

Жалпы есептік-аналитикалық жүйе біріктірілген, логикалық және иерархиямен құрылған, жинақталған өзарабайланысты элементтері бар, есеп, талдау мен аудит әдістерін, сонымен қатар түзетуші шараларды мүмкіншіліктеріне сәйкес қолдана отырып, ауыл шаруашылық ұйымдарының қаржылық-шаруашылық өміріне ақпараттық ресурстарды бұрмалайтын және сыртқы факторлардың әсерін соғұрлым азайтатын есептік-аналитикалық қамтамасыз ететін модель деп тұжырымдауға болады.

Есептік-аналитикалық жүйені ғалым-экономистер жан-жақты терең зерттеп, оның теориялық, әдіснамалық, ұйымдастырушылық аспектілерін қарастырған. Сол келтірілген негізгі тұжырымдамалардың ішінен келесідей ерекшелерін атап өтуге болады.

И.В. Кальницкая ұйымдарды басқару үшін интегралданған есептік-аналитикалық жүйені ұсынып отыр, оның зерттеуінше негізгі мақсат ретінде: жаңа деңгейде басқару жүйелерін ақпараттармен тиімді қамтамасыз ету үшін өзарабайланысқан және өзара негізделген жүйені қалыптастыратын бірыңғай қызмет жасайтын тұтас жүйені енгізуді көздеген [2].

Сонымен қатар Б.Ж. Акимова, С.С. Сапарбаева және Т.Б. Мукушев «бизнес үрдістердің есептік-аналитикалық жүйесінің негізгі мақсаты болып нақты бизнес-стратегияның тактикалық және стратегиялық міндеттерін өткізуді, сонымен қатар ұйымның ұзақ және қысқа мерзімді басқару шешімдерін есеп, талдау, ішкі бақылау негізінде және де ұйымның қызметін жоспарлау және дамуы бойынша шешімдер қабылдауға ақпараттармен қамтамасыз ету табылады», деп тұжырымдаған [3].

Ал кейбір ғалымдар топтары есептік-аналитикалық жүйенің құрылымдық құраушыларын зерттеп, талдаған. Оны Т.Г. Шешукова және Е.Р. Мухина мақаласынан көруге болады [4]. Зерттеулерге сәйкес есептік-аналитикалық жүйені талдауда бірнеше бағыттарды атап көрсеткен, олар:

1) бухгалтерлік есеп мәліметтеріне негізделген есептік-аналитикалық жүйе;

2) басқарудың жалпы жүйесіндегі есептік-аналитикалық жүйе;

3) қабылданған басқару шешімдерін қолдау мақсатындағы ақпараттық жүйе ретіндегі есептік-аналитикалық жүйе;

4) есептік-аналитикалық қамтамасыздандыруды қалыптастыратын жиынтық элементтер жүйесі ретіндегі есептік-аналитикалық жүйе.

Аталған бағыттар бойынша есептік –аналитикалық жүйе терминдеріне анықтама берген. Берілген анықтамалар негізіндегі мәліметтерді талдай отырып, нақты есептік-аналитикалық жүйенің бухгалтерлік есеп, талдау, ақпараттық қамтамасыз ету категорияларымен үзіліссіз тығыз байланысты екенін көрсетеді. Сонымен қатар есептік – аналитикалық жүйенің құрлымдық элементтеріне жіктелген. Оларға ақпараттық қамтамасыз ету, талдау, бухгалтерлік есеп, жоспарлау, бақылау, бағалау сияқты элементтерін атап көрсеткен.

Бірақ көптеген ғалымдар топтары есептік – аналитикалық жүйе есептік және аналитикалық деп аталатын екі базалық жүйеастыларынан тұратынын дәлеледеген. Әрине зерттеу нәтижелерін талдай отырып, есептік-аналитикалық жүйе негізінен бухгалтерлік ақпараттық жүйеден тұрады деп негіздеу қате тұжырымды қалыптастырады. Өйткені есеп саласының халықаралық стандарттарына көшуіне байланысты бухгалтерлік есепті бірнеше ішкі есеп түрлеріне жіктелген [5]. Сондықтан бухгалтерлік есептік-аналитикалық жүйені бухгалтерлік-қаржылық, басқару, салықтық есептер бағыттарында жіктеген дұрыстау болады.

Бухгалтерлік – қаржылық жүйеде көбінесе бухгалтерлік бастапқы құжаттар негізінде жинақталған талдамалық және топтамалық мәліметтер жинақталады, сонымен қатар қаржылық есептілік нысандарын негізінде талдау жасауға қажетті ақпараттар көрсетіледі.

Басқару жүйесінде кәсіпорынды басқаруға қажетті ақпараттар жинақталады. Басқару бойынша есептік-аналитикалық жүйе кәсіпорынды басқарудағы маңызды құрамдас бөлігі болып табылғанмен, бірақ кейінгі уақытта жалпы есептік жүйеден бөлініп шығарыла басталғаны байқалады.

Салықтық есептік –аналитикалық жүйе кәсіпорынды басқаруда анағұрлым төмен әсерін тигізеді, бірақ салықтық есептік –аналитикалық жүйені жоққа шығару немесе оның ролін түсінбеу ұйымдарды басқаруда кері әсерін тигізуі мүмкін. Өйткені салықтық есептік-аналитикалық жүйе кез-келген шаруашылық жүргізу нысанында кездеседі.

Зерттеулердің нәтижесінде ауыл шаруашылық кәсіпорындарының есептік-аналитикалық жүйесі деп оның барлық бизнес үрдістерін қамтитын, қаржылық, басқару және салықтық есеп мәліметтерімен қоса статистикалық есеп ақпараттарымен де қамтамасыз ететін бір тұтас топтама деп тұжырымдауға болады.

Бірақ қарастырылған зерттеулерде халық шаруашылығының тағы бір есеп түрі- статистикалық есеп есептік-аналитикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылмаған.

Статистикалық есеп ақпараттары бухгалтерлік есептің мәліметтері негізінде жасалғанымен, олардың өзіндік есептік-аналитикалық топтамадан тұрады. Әсіресе ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қызметтерін дұрыс және тиімді бағалау үшін, статистикалық есеп мәліметтерін кеңінен қолданады. Бұл жерде кейбір оқырмандар: -«қаржылық есеп немесе басқару есебінің ақпараттары дұрыс және толық мәліметтермен қамтамасыз етеді» деп, келіспеуі мүмкін. Әрине мұндай тұжырымдамамен толықтай келісемін, бірақ кейінгі кезде қаржылық және басқару есебі мәліметтері құпия ақпараттар болып табылып, оны қолға түсіре алмайды. Екіншіден, ҚР –да басқару есебі тек ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғамдарда ғана жүргізілуі мүмкін. Ал орта бизнес кәсіпорындары басқару есебін мүлде жоққа шығарады. Сондықтан статистикалық есеп мәліметтері анағұрлым толығырақ ақпараттармен қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарында қалыптасатын есептік – аналитикалық жүйе көптеген факторларға байланысты болады. Ондай

факторларға: кәсіпорынның құрылу нысаны; саладағы орыны, ұйымдардың қызмет түрлері, өндіретін өнім ассортименті, бизнес үрдістер саны, есепті жүргізу техникасы және т.б. жатқызуға болады.

Төмендегі 1-ші кестеде ауыл шаруашылығының ерекшеліктеріне сәйкес есептік-аналитикалық жүйені ұйымдастырудың сипаттамалары берілген.

Кәсіпорындардың қалыптастырылатын есептік –аналитикалық жүйеде келесідей бизнес-процесстердің түрлерін біріктіруі керек:

- басқарушы- стратегиялық шешімдер қабылдау үрдісі жүзеге асырылатын;

- операциянды – негізгі ақша ағымын шығарып және үзіліссіз өндірістік процесстерді қамтамасыз ететін;

- демеуші – яғни қаржылық және басқару есебі мәліметтері арқылы өңделетін оперативті және тактикалық шешімдер қабылдауға септігін тигізетіндер деп көрсетілген.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының есептік –аналитикалық жүйелерін қалыптастыруда олардың бизнес-процесстерінің басқару есебі мен талдау жүйелеріндегі жекеленген сипатына байланысты орындалатын қызметтер технологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілуі қажет» - деп Холоденко С.В. жұмысында келтірген. Оны жедел және стратегиялық шешімдерді қабылдауда әдістемелік тәсілдерін жетілдіруде ескеру қажет [6].

Кесте 1- Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының ерекшеліктеріне сәйкес бизнес- процесстерді басқаруды қамтамасыз ететін есептік –аналитикалық жүйені ұйымдастыру

№	Ерекшеліктері	Есептік-аналитикалық жүйесін ұйымдастыруға әсерін тигізу сипаттамалары	Бизнес- процесстерге анағұрлым әсер ету
1	Өнімді өндірудің маусымдық технологиясы	Ұйым активтерінің айналымдылығын бағалауда қажет, өнімді дайындау процессінде кемшіліктер болдырмауды сипаттау, сәйкесінше өндірісте уақытында шикізат пен көмекші материалдарды жеткізуде жұмсалған шығындардың айналымы мен қайтарылуын және кіріске жету маусым ішінде жүзеге асыру.	Айналым активтерінің құрлымы. Кәсіпорын қызметі нәтижесі. Қаржылық жағдайын бағалау әдістемесі.
3	Шығындарды есепке алудың нормативті әдісін қолдану мүмкіндігі	Шығындарды есепке алу нормативті әдісі жалпы және ірі сериялы өндірістерде қолдануға болады. Олқызмет үстіндегі нормалардан ауытқуды жедел басқару жүйесі есебінен өнімнің	Калькуляциялау жүйесін және шығындар есебінің тәртібін таңдау

		өзіндік құнын төмендетуде нақты алғышарттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді	
4	Берілген қызмет түрлерін біркелкі өнім түрлерін өндеруде араластыру мүмкіндігі	Өндірісті ұйымдастыру бір жағынан жалпы өндірістік және қоймалық, тазарту аудандарын қолдана отырып өндіріс шығындарының үлестік қатынасын төмендетсе, көліктік құралдарды, кәсіпорынның технологиялық және экономикалық қызметтерін орталықтандырса, екінші жағынан шығарылатын өнімге қатысты шығындарды анықтау мен таратуды қиындатады.	Шығындары есебі тәртібі, қызметтер нәтижесі, бизнес-процесстерді басқаруды ұйымдастыру тәртібі
5	Өндірістік процессті сегменттеу	Ауыл шаруашылық өнімін өндіру бірнеше кезеңдерден тұрады: 1) танаптарды және тұқымдар мен тыңайтқыштарды дайындаудан; 2) негізгі кезең: өнімді өндіру, күтіп, баптау; 3) өнімді жинау, өткізу немесе сақтау	Жауапкершілік орталықтарын біріктере отырып құрастыру, шығын-дардың аналитик-алық және синтетикалық есебін, бюджеттеу жүйесін ұйымдастыру

Берілген ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қызмет істеу ерекшеліктері оның ішіндегі бизнес-процесстерге әртүрлі бағытты және біркелкі емес әсер тигізеді. Онда басқару есебі жүйесінің құрылымы мен басқару шешімдерін қабылдау процесстеріне де септігі тиеді. Ауыл шаруашылық өнімдері көбінесе маусымдық өнімдер қатарына жатады, яғни орындалатын бизнес-процесстер түрлері өзара бір—бірімен байланысты және технологиялық кезеңдерге сәйкес ретімен орындалады. Сондықтан тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйелі және кешенді жүргізілуі керек. Берілген факторлар жалпы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіріс ерекшеліктерін, шығындарды жіктеу, олардың құрамы мен құрлымымен қарастыруға, басқару есебінің әдіснамасы мен ұйымдастырылуына және бизнес процесстердің қызметі нәтижелерін талдауға, сонымен қатар калькуляциялық объектіні және анағұрлым қолайлы өндіріс шығындары есебі мен өнімнің өзіндік құныны калькуляциялау әдістерін таңдауға әсерін тигізеді.

Сонымен қарастырылған мәселелер бойынша мынадай қорытынды мен ұсыныстар жасауға болады.

1. Көптеген кәсіпорындар есептік-аналитикалық жүйені тек есептік – қаржылық, басқару және салықтық есеп және талдау жағынан ғана қарастырып кетеді. Ал сыртқы пайдаланушылардың тек статистикалық есеп ақпараттарын қолдануға мүмкіндігі бар. Сондықтан есептік-аналитикалық жүйені қарастыруда статистикалық есеп ақпараттарын ескеру қажет. Және де ауыл шаруашылық кәсіпорындарының бизнес процесстерін есепке алу нәтижелерін тек статистикалық есеп мәліметтері сипаттайды.

2. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының бизнес процесстерінің ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымды тиімді басқару үшін интегралданған есептік-аналитикалық жүйені қолдану керек. Онда есептік-аналитикалық жүйенің құндылығы, сапалық сипаттамасы, басқару шешімдерінің сапасы, басқарудың тиімділігі мен нәтижелілігі ескеріледі.

Әдебиеттер тізімі

1. А.Куришбаев. Преимущества цифровизация сельского хозяйства // <http://terraoint.kz>
2. И.В. Кальницкая. Интегрированная учетно-аналитическая система для целей управления организацией. //Международный бухгалтерский учет, 2014, № 22 (316) стр 2-13
3. Б.Ж. Акимова, С.С. Сапарбаева, Т.Б. Мукушев. Особенности учетно-аналитической системы бизнес-процессов в строительных организациях. //Статистика, учет и аудит. - 2018, №4 (71), стр 50-55
4. Т.Г. Шешукова, Е.Р. Мухина. Исследование структурных составляющих учетно-аналитической системы. //Вестник Томского государственного университета. Экономика, 2016, №2 (34) , стр 155-161
5. О.В. Рожнова. Гармонизация учета, аудита и анализа в условиях цифровой экономики. // Учет. Анализ.Аудит.*Т5. 2018, №3 стр 16-23
6. С.В. Холоденко. Формирование систем учетно-аналитического обеспечения управления бизнес - процессами хлебопекарных предприятия. Автореферат. 08.00.12. Ставрополь, 2012
7. Usenko, L.N. Bogataya, I.N.,Bukhov, N.V. Kuvaldina, T.B., Pavlyuk, A.V. Formation of an integrated accounting and analytical management system for value analysis purposes. European Research Studies JournalVolume 21, Issue Special Issue 1, 2018, Pages 63

Ғылыми жетекші:

э.ғ.к. қауымдастырылған профессор А.К. Байдаков.